

Ж.Б. Болат* , А.С. Мустафина 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: bolat.zhansaya@list.ru

АУЫЛДАН ҚАЛАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ: ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛЫҚ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ

Қазақстанда ауылдық жерлерден қалаларға көші-қон үрдісі жыл сайын белсенді бола түсуде. Қала жағдайында отбасылардың өмір сүру деңгейі төмен, әлеуметтік интеграциялануында қиындықтар туындайды, институционалдық және тұлғааралық кемсітушілікке тап болады. Бұл отбасылар қиын жағдайда өмір сүруде және мемлекеттік әлеуметтік қолдау шаралары бұл санаттардың маргиналдауына жол бермейді. Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау міндеттемесін өзіне алады.

Осы зерттеудің мақсаты – әлеуметтік және экономикалық құқықтарды іске асыру тұрғысынан ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға қатысты әлеуметтік саясатқа талдау жүргізу болып табылады.

Әлеуметтік саясатты талдаудың негізі S.G. Gabel ұсынған адам құқықтарын қорғау тәсілімен жүзеге асырылды. Зерттеуде автормен ұсынылған тәсілдерге негізделген сұрақтар қолданылды. Мигрант отбасылардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік интеграциясы мәселелері тұрғын үй, еңбек және тең жалақы, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік және білім алу құқықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау тұрғысынан қарастырылды. Талдау барысында көші-қон отбасыларын бейімдеу мәселенің мәнмәтіні және адамның қатысу, есеп беру, кемсітпеу және теңдік құқықтарын жүзеге асыру мәселелері қамтылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мигрант отбасылар жұмыспен қамту және тұрғын үй бағдарламаларына қала тұрғындарымен тең деңгейде қол жеткізе алмайды. Бұл мәселенің негізгі себебі тұрғылықты жері бойынша қазақстандық тіркеу жүйесімен байланысты. Зерттеу нәтижелері азаматтардың осы санатына қатысты әлеуметтік саясаттағы әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ілгерілетуге ықпал ету қажеттілігін көрсетеді. Бұл осындай зерттеулердің өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығына әкеледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік саясат, ауыл – қала көші – қоны, отбасылар, құқықтар, құқық қорғау тәсілі.

Zh.B. Bolat*, A.S. Mustafina

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: bolat.zhansaya@list.ru

Social policy in relation to rural-urban migrating families: a human rights analytical approach

In Kazakhstan, the process of rural-city migration is intensifying every year. In urban conditions, families often have a low standard of living, experience difficulties in social integration, and face institutional and interpersonal discrimination. These families are in a vulnerable situation and State social support measures can prevent their marginalization. Kazakhstan, as a welfare state, undertakes to create conditions that ensure a decent life for citizens.

The purpose of this study was to analyze social policy in relation to families migrating village-city, from the point of view of the realization of social and economic rights.

The basis for the analysis of social policy was the human rights approach proposed by S.G. Gabel. The study adapted the questions presented in the author's approach. The problems of quality of life and social integration of migrant families were considered from the point of view of the conditions necessary for the realization of the rights to housing, work and equal pay, access to health services and education. The analysis also examined the context of the problem of adaptation of migrating families and the implementation of cross-cutting human rights to participation, accountability, non-discrimination and equality.

The results of the study showed that migrant families do not have equal access to employment and housing programs with urban residents. The main reason for this situation is connected with the Kazakh system of registration at the place of residence. The results of the study indicate the need to promote the principles of social justice in social policy in relation to this category of citizens. This leads to the actualization and practical significance of such studies.

Key words: social policy, village-city migration, families, rights, human rights approach.

Ж.Б. Болат*, А.С. Мустафина

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: bolat.zhansaya@list.ru

Социальная политика в отношении семей, мигрирующих из села в город: правозащитный аналитический подход

В Казахстане с каждым годом усиливается процесс миграции – село-город. Семьи часто имеют низкий уровень жизни, испытывают трудности социальной интеграции, сталкиваются с институциональной и межличностной дискриминацией в условиях города. Данные семьи находятся в уязвимом положении и государственные меры социальной поддержки могут предотвратить их маргинализацию. Казахстан как социальное государство берет на себя обязательства по созданию условий, обеспечивающих достойную жизнь гражданам.

Целью настоящего исследования явилось проведение анализа социальной политики в отношении семей, мигрирующих – село-город, с точки зрения реализации их социальных и экономических прав.

Основой для анализа социальной политики послужил правозащитный подход, предложенный S.G. Gabel. В исследовании были адаптированы вопросы, представленные автором подхода. Проблемы качества жизни и социальной интеграции семей-мигрантов были рассмотрены с точки зрения условий, необходимых для реализации прав на жилище, труд и равную оплату труда, доступ к услугам здравоохранения и образование. В ходе анализа также был рассмотрен контекст проблемы адаптации мигрирующих семей и вопросы реализации сквозных прав человека на участие, подотчетность, недискриминацию и равенство.

Результаты исследования показали, что семьи-мигранты не имеют равный с городскими жителями доступ к программе занятости и обеспечения жилища. Основная причина этого положения связана с казахстанской системой регистрации по месту жительства. Результаты исследования указывают на необходимость содействия продвижению принципов социальной справедливости в социальной политике в отношении данной категории граждан. Это приводит к актуализации и практической значимости подобных исследований.

Ключевые слова: социальная политика, миграция село-город, семьи, права, правозащитный подход.

Кіріспе

Қазақстанда жыл сайын ішкі көші-қон процестерінің көрсеткіші артып келеді, оның ішінде ауылдық жерден қалалық жерге көшкен халық саны ұлғаюда. 2018 жылдан 2023 жылға дейін елдегі қала халқының үлесі 13,2%-ға артты, ал ауыл тұрғындарының үлесі 12% – ға төмендеді (Ұлттық статистика бюросы).

Ішкі көші-қон үшін ең тартымды қалалар Астана, Алматы және Шымкент болып табылады. Мәселен, 2023 жылдың басындағы есеп бойынша Алматы қаласының халқы 2 161 700 адамды құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 20%-ға жоғары. Алматы қаласының халқы негізінен механикалық өсу есебінен (60%), яғни қоныс аударғандар үлесінен көбеюде (Ұлттық статистика бюросы), сондай-ақ Астана және Шымкент қалаларында да бұл үрдіс басым байқалады

(Бектлеева, 2020а:48). Бұл ретте, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласына ішкі көшіп-қонушылардың көпшілігі Алматы (53,64%) және Жамбыл (25,61%) облыстарынан қоныс аударған (Ұлттық статистика бюросы). Табиғи және көші – қон қарқынының ықпалы негізінде 2019 жылдан бастап 2022 жылдың үшінші тоқсанының нәтижесіне сәйкес Маңғыстау облысы – 12%, Атырау облысы – 8,6%, Жамбыл облысы – 7,9%, Алматы облысы – 7,6%, Ақтөбе облысы – 6,3%-ға халық саны өскен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы..., 2022). Көрсетілген статистикалық көрсеткішке сәйкес аудан, ауыл тұрғындарының инфрақұрылымы дамыған ірі мегаполистерге көшуге бейім екендігін көре аламыз.

Ауыл тұрғындарының тұрғылықты мекен – жайын тастап, қоныс аударуына ықпал ететін негізгі себептер бар. Ауылдан қалаға көшуге ықпал

ететін факторлар: итергіш факторлар (жұмыстың болмауы, жалақының төмен деңгейі, қалалардан алыс қашықтықта орналасу, қызметтердің төмен деңгейі және т.б.), сондай-ақ тартушы факторлар (жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, орташа табыстың жоғарғы деңгейі, дамыған инфрақұрылым және т. б.) болып табылады (Бордоусов, 2015; Есимова, 2017). Ауыл мигранттары өз өмірінің сапасын арттыруға және балаларының табысты болашағына жағдай жасауға ұмтылады (Жусупова, 2012а). Бұл ұмтылыс келесідей заңдылықпен анықталады «...адамдар әрқашан мүмкіндіктері төмен аудандардан қашуға және мүмкіндіктері жоғары тартымды аудандарды табуға тырысады» (Assanbayev, 2021:2). Ауылдық жерден қалаға қоныс аударып, мүмкіндігінше өмір сүру сапасының деңгейін арттыруға ұмтылған халыққа жаңа ортаға бейімделу мен сіңісу үрдісі біршама мәселелерді туындатады. Көші – қон ағындары депрессиялық аймақтардың пайда болуына, әдетте ірі қалалардың шетінде «кедейлік кварталдарының» пайда болуына, халықтың бір бөлігін маргиналдандыруға (Жусупова, 2012б), «қалалық ауылдардың» қалыптасуына әкеледі (Wen, 2016). Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың қаржылық қиындықтарға сәйкес жеке тұрғын үйді сатып алуға мүмкіндіктері төмен, сондай ақ қаланың орталық аудандарында пәтер жалдау құны жоғары болғандықтан қаланың шеткі аумақтарынан пәтер жалдауға мәжбүр. Бұл үрдіс біздің еліміздің ірі мегаполисі Алматы қаласында аса қарқынды көрсеткішке ие деп айтуымызға болады.

Қалаларға қоныс аудару тиімді мемлекеттік саясат жағдайында көші – қон отбасыларының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырудың алғышарты бола алады (Бектлеева, 2020б:48). Алайда, қазіргі уақытта Қазақстанда ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларды қолдаудың нақты тұжырымдалған әлеуметтік саясаты жоқ, сондай – ақ жалпы ішкі көшіп – қонушылар мемлекеттің әлеуметтік саясатының назарында емес (Махмутова, 2012а:9). Мемлекеттік саясаттың бір бағыты негізінде аймақтардағы халықтың құрамына байланысты диспропорция мен демографиялық теңсіздікті реттеу мақсатында 2013 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы бекітіліп, 2015 жылдан бастап ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылықпен тарту қолға алынған болатын. Бағдарлама аясында оңтүстік өңірден солтүстікке қоныс аударып, баспана және жұмыспен қамтылғандармен қатар жаңа ортаға бейімделе алмай, өз жерлеріне қайтқан халық үлесі де

біршама көрсеткішті құраған. Статистикалық мәліметке сәйкес, республика аумағы бойынша халықтың көшу қарқынының жоғарғы көрсеткіші оңтүстік өңірге тән. Оңтүстік аумақтан қоныс аударған халықтың көпшілігі солтүстік өңірлерге емес, көпшілігінде Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы, Маңғыстау мен Қарағанды облыстарына көшкен. Бұл көрсеткіштің нәтижесіне сәйкес салыстырмалы түрде ауылдық жерден қалаға қоныс аударғандардың саны жоғары. Елдегі Оңтүстік Қазақстан облысындағы адамның тығыздығы 43,2% құраса, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 16,3% құраған. Бұл көрсеткіш екі облыстағы халықтың орналасу тепе – теңдігінің алшақтығын көрсетеді (Ұлттық статистика бюросы). Ішкі көші – қонды жандандыруға бағытталған 2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелі көрсеткіштерімен қатар кемшін тұстарыда жетерлік болды. Әрі қарай ішкі миграциялық үрдісті реттеуді жетілдіру аясында Қазақстан Республикасының көші – қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының жетінші бағыты бойынша еңбек күшінің тапшылығы байқалатын өңірлерге көшіп барған азаматтарды баспана және жұмыспен қамту алдағы бес жылдықта жалғасын таппақ. Қазақстан Республикасының көші – қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының ішкі көшіп қонушыларға арналған басты бағыттары негізінде жоспарлы жұмыстарды іске асыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Сонымен қатар ішкі көші – қон саясатын жетілдіру аясында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда.

2023 жылдың бастапқы кезеңінен Қазақстан Республикасының көші – қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізінде ішкі көшіп қонушыларды қолдау нысаны ретінде тұрғын үй алу үшін материалдық көмек алуға мүмкіндік беретін экономикалық ұтқырлық сертификаттары берілуде. Сертификат бір реттік қайтарымсыз негізде тұрғын үй құнының 50% немесе бір отбасыға 4 млн теңгеге дейін беріледі. Халықтың өңіраралық орналасу тығыздығын теңестіру мақсатында елімізде көптеген қоныстандыру бағдарламалары жүзеге асырылуда. 2014 жылдан бастап «Мәңгілік ел жастары – Индустрияға» – «Серпін – 2050» білім беру жобасы аясында жастардың білім алуымен қатар жұмысқа орналасуына мүмкіндіктер берілуде. Бұл бағдарламалардың жүйелі жүзеге асы-

рылуы үшін жүйелі бақылау мен әділетті түрде ресурстарды бөлу маңызды болып табылады.

1-кесте – «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының басты басымдықтары

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы басымдықтары	
1. Көшуге арналған субсидия – бір уақытта отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде;	2. Тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған субсидия – ай сайын, 12 ай ішінде отбасы мүшелерінің санына және елді мекенге байланысты 15 – тен 30 АЕК- ке дейінгі мөлшерде;
3. Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушіге кемінде 2 жыл мерзіммен тұрақты жұмысқа орналасу және тұрғын үймен қамтамасыз ету шартымен әрбір қабылданған қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі;	4. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама; Жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

Әлеуметтік саясаттың әділ жүргізілуі мен реттелуі тек мемлекеттік басқармалардың атқаруы тиіс міндеттемелерімен анықталмайды. Әлеуметтік саясаттың әділ және нәтижелі жүзеге асырылуы тікелей атқарушы және орындаушы тараптардың қатынасуына тікелей байланысты болып табылады. Әлеуметтік саясаттың әділ басқарылуы үшін Жаһандық әлеуметтік жұмыстың этикалық принциптері туралы мәлімдемеге сәйкес, әлеуметтік әділеттілікке ықпал ету әлеуметтік жұмыстың мақсаттарының бірі болып табылады. Әлеуметтік әділеттілікке ықпал ету тәсілдерінің бірі әлеуметтік қызметкерлердің ресурстарды әділ бөлуі және әділетсіз саясат және практикамен күресу болып табылады. Әлеуметтік қызметкерлер өздерінің иелігіндегі ресурстарды әділ бөлуді қамтамасыз етіп қана қоймай, жұмыс берушілердің, саясаткерлердің, мемлекеттік органдар мен жұртшылық өкілдерінің назарын саясат пен ресурстар қысым жасайтын әділетсіз жағдайларға аударуы керек (Жаһандық әлеуметтік жұмыстың этикалық принциптері туралы мәлімдеме, 2018). Әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударатын отбасылардың қала тұрғында-

рымен тең дәрежеде әлеуметтік қорғау, білім алу және денсаулық сақтау жүйесіне қол жетімділігі бар – жоғын қарастыру маңызды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ауылдық жерден қалаға қоныс аударған отбасыларға қатысты елдегі әлеуметтік саясаттың нақты бағыттарының жоқтығы зерттеудің маңыздылығын арттырады. Ірі мегаполистерге қоныс аударған отбасылардың негізгі мәселелерін, қажеттіліктерін, сұраныстарын анықтау және шешу жолдарын ұсынатын әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылу тенденцияларын жан – жақты зерттеу қажеттілігі айқындалды. Бұл зерттеу ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударған отбасыларға қатысты әлеуметтік саясатты сыни тұрғыдан талдауға бағытталған.

Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға жаңа ортаға бейімделуде жүйелі түрде алғашқы көмек көрсетуді жүзеге асыру маңызды болып табылады. Бұл адамдарды материалдық, құқықтық, әлеуметтік тұрғыдан толық қорғауды аумақтық қызмет көрсету мекемелері заңнамалық бекітумен жүзеге асыруы керек. Зерттеуде халықтың осы категориясының әлеуметтік көмектерді алу мүмкіндіктерін талдауға талпыныс жасалды. Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету саясатын мемлекеттік деңгейде қайта қарауды жүзеге асырудың қажеттілігін анықтау маңыздылыққа ие болды.

Әлеуметтік саясатта рационалды және рационалды емес талдаудың әртүрлі модельдері бар (O'Connor & Netting, 2011:28). Бұл тәсілдерде әлеуметтік саясаттың мақсаттары халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру және қанағаттандырмау тұрғысынан қарастырылады, ал мақсатты анықтаудың негізінде жатқан құндылықтарды ескеру, құқықтарды іске асыру және қорғау мәселелерін қарастыру маңызды. S.G.Gabel-тің адам құқықтарын қорғау тәсілі әлеуметтік мәселені құқықтар мен олардың теңдігін бұзу қаупі тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты *зерттеу сұрағы* тұжырымдалды: ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың құқықтарын сақтауға және оларға қатысты әлеуметтік әділеттілікті ілгерілетуге қолданыстағы қазақстандық заңнама ықпал ете ме? *Бұл зерттеудің мақсаты* – құқық қорғау тәсілін қолдана отырып, ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға қатысты әлеуметтік сая-

сатты сыни тұрғыдан бағалау. Зерттеу мақсатына сәйкес *зерттеу міндеттері* алға қойылды: ішкі миграциялық үрдістерді зерттеген шет елдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдау жасау; әлеуметтік саясатты сыни талдауға бағытталған зерттеу әдіснамасын таңдау; зерттеу сұрақтарына сәйкес алынған ақпараттарды талдау, ұсыныстар ұсыну. Әлеуметтік саясатты талдау нәтижесінде алынған ақпарат ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың әл – ауқатын арттыру бойынша қолданыстағы шараларды бағалауға және болашақ бастамаларды әзірлеу үшін пайдалы болады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Талдау моделі ретінде S. G. Gabel (2016) адам құқықтарын қорғау тәсілі қолданылды. Бұл тәсілдің негізгі идеясы – әлеуметтік саясат бағытталған адамдар мен топтар қандай да бір қажеттіліктердің иелері ретінде емес, **құқықтардың иелері** ретінде, ал мемлекеттік уәкілетті органдар мен ұйымдар осы құқықтарды іске асыру жөніндегі **міндеттердің тасымалдаушылары** ретінде анықталады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік саясат бағытталған адамдар арнайы назар

аударуға тиісті емес, яғни құқығы бар адамдар ретінде қарастырылады (Gabel, 2016:107). Тәсіл авторы өзінің көзқарасын қажеттілікке негізделген тәсілмен салыстырады және бірнеше айырмашылықтарды көрсетеді (1-кесте).

Автордың пікірінше «Құқықтар міндеттемелерді талап етеді, ал қажеттіліктер жоқ. Міндет тасымалдаушыларының қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін нақты міндеті бар, егер олар бұны жасамаса, олар құқық иелерінің құқықтарын бұзады» (Gabel, 2016:107). Негізгі айырмашылық мынада: негізгі қажеттіліктерге негізделген тәсіл міндетті түрде қажеттілікті қанағаттандыру үшін жауапкершілікті білдірмейді, ал адам құқықтарына негізделген тәсіл бойынша құқық өз құқықтарын міндет тасымалдаушыларынан талап ететін құқық иелеріне беріледі. Басқаша айтқанда, құқық қорғау тәсілі *дискурсты халықтың белгілі бір санатының қажеттіліктерін қанағаттандыру проблемасынан оның құқықтарын сақтау немесе бұзу жағына ауыстырады*. Бұл ретте, мұндай дискурс әлеуметтік саясат шараларын айқындауға және әзірлеуге өкілеттігі бар адамдардың жауапкершілігі мәселесін дәйекті түрде туындатады.

2-кесте – Әлеуметтік саясаттағы қажеттіліктер мен адам құқықтарына негізделген тәсілдерді салыстыру

	Қажеттілікке негізделген тәсіл	Құқықтарды қорғауға негізделген тәсіл
<i>Көмек көрсетілетін адамдар қаралады ...</i>	көмекке лайық және мұқтаж ретінде	көмек алуға құқығы бар адамдар ретінде
<i>Көмек негізделген...</i>	қайырымдылық немесе қажеттіліктер туралы мәліметтер	заңдық және моральдық міндеттемелер, құқықтарды іске асыру туралы талаптар
<i>Саяси шешімдер қабылданады:</i>	сарапшылар мен саяси элита	құқық иеленушілерді қоса алғанда, қатысушылардың кең ауқымы
<i>Мониторинг объектісі:</i>	қажеттіліктер мен нәтижелер	процесс, нәтижелер және трансформациялық өзгерістер
<i>Бағалау:</i>	бағдарламалық мақсаттармен салыстыру	адам құқықтарын біртіндеп жүзеге асыру, соның ішінде шешім қабылдаудағы рөлді күшейту
<i>Міндеттемелер байланысты ...</i>	мемлекеттің еркімен	заңды талаппен
<i>Нәтижелер...</i>	сарапшылар мен мемлекеттік органдар пайдаланады	құқық иелеріне және міндеттері бар адамдарға беріледі
<i>Саясаттың мақсаттары...</i>	тұрақты және арнайы	уақытша және білім мен құқықтарды түсіну дамыған сайын өзгеруі мүмкін

Осы тәсілге сәйкес құқық иелері әлеуметтік саясат шараларын қалыптастыруға, жүзеге асыруға және мониторингтеуге қатысуға тиіс. Яғни, *әлеуметтік саясатта шешім қабылдау-*

ға тек саяси элита мен сарапшылар ғана емес, сонымен қатар құқық иелері (әлеуметтік саясат бағытталған адамдар мен топтар), сондай-ақ міндеттемелерді орындайтындар (мысалы, әлеу-

меттік қызметтер ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері) қатысуы керек. Бұл құқық иелерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге және шешім қабылдауда билікті қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Ресурстар мен билікті әділ бөлу – маргинализацияны белгілі бір жол арқылы жеңу тәсілі ретінде қарастырылады, ал негізгі қажеттіліктерге негізделген тәсіл маргинализация мәселелерін мойындауы немесе мойындамауы мүмкін. Тәсілдердің айтарлықтай айырмашылығы – әлеуметтік саясат шараларының тиімділігі мен нәтижелерін бағалаудағы айырмашылықтармен көрінеді. Қажеттілікке негізделген тәсіл шеңберінде әлеуметтік саясат шараларының жетістігі мақсатқа қол жеткізумен анықталады (нәтижелер мақсатпен салыстырылады), ал құқықтарға негізделген тәсіл кезінде негізгі критерий – *адам құқықтарын біртіндеп іске асыру және кеңейту, сондай – ақ трансформациялық өзгерістер болып табылады.*

S.G. Gabel талдаудың бірнеше қадамдарын анықтады: 1) құқықтарды бұзудың ықтимал тәуекелдерін анықтау, 2) әлеуметтік мәселенің мәнмәтінін талдау, 3) адам құқықтары тұрғысынан талдау. Осы қадамдар тізбегі негізінде қала жағдайындағы ауылдық жерден келген отбасыларға қатысты әлеуметтік саясатты талдау үшін сұрақтар тізімі дайындалды.

Нәтижелері және талқылама

S.G. Gabel ұсынған бірінші қадам – әлеуметтік мәселені құқықтар тұрғысынан қарау, сондықтан бірінші сұрақ тұжырымдалды – *Ауылдық жерлерден қалаларға өз еркімен және өз бетінше қоныс аударған отбасылардың қандай құқықтары бұзылуы немесе қауіп төндіруі мүмкін?*

S.G. Gabel құқықтарды бұзудың ықтимал тәуекелдерін анықтауды ұсынады:

а) адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар;

б) ұлттық конституция, ұлттық заңдар және нормативтік актілер;

в) мемлекет қабылдайтын шаралар.

Өйткені, бұл зерттеуде жекелеген адамдар, мысалы, жастар (Махмутова, 2012б), сондай ақ отбасының әр түрлі мүшелері: ересектер мен балалар, еңбекке қабілетті жастағы және еңбекке қабілетті жастағы емес адамдар, отбасылардың өмір сүру сапасының мәселелері қарастырылады, сондай ақ бірқатар әлеуметтік және экономикалық құқықтары талқыланды: 1) тұрғын үй құқығы; 2) еңбек және тең еңбекақы төлеу құ-

қығы; 3) денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізу құқығы; 4) білім алу құқығы. Неғұрлым егжей – тегжейлі сұрақтар тұжырымдалды: *Тұрғын үй, еңбек, денсаулық сақтау және білім беру құқығы халықаралық құжаттарда қалай ұсынылған? Бұл құқықтар Қазақстан заңнамасында қалай айқындалған? Бұл құқықты іске асыру және қорғау бойынша мемлекетке қандай міндеттемелер жүктеледі? Әлеуметтік саясат пен бағдарламалар ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың осы құқықтарын жүзеге асыруға немесе бұзуға қалай көмектесе алады?*

Тұрғын үй құқығы халықаралық және ұлттық актілермен декларацияланатын негізгі адам құқықтарының бірі болып табылады. Адам құқықтары туралы декларацияның (1948) 25 – бабында былай делінген: «Әр адам өзінің және отбасының денсаулығы мен әл – ауқатын сақтау үшін сәйкес келетін өмір сүру деңгейіне, оның ішінде қажет азық – түлік, киім – кешек, тұрғын үй, медициналық көмек және қажетті әлеуметтік қызметтерге құқығы бар, сондай ақ жұмыссыздық, ауру, мүгедектік, жесір қалу, кәріліктің басталуы немесе өзіне байланысты емес жағдайларға байланысты басқа да күнкөріс құралдарын жоғалту жағдайында қорғалуға құқылы» (Адам құқықтары декларациясы, 1948). Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966) 11 – бабында: «Осы пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің өзіне және оның отбасына жеткілікті тамақтану, киім – кешек пен тұрғын үйді қамтитын жеткілікті өмір сүру деңгейіне және өмір сүру жағдайларын үздіксіз жақсартуға құқығын мойындайды. Қатысушы мемлекеттер бұл тұрғыда еркін келісімге негізделген халықаралық ынтымақтастықтың маңызды мәнін мойындай отырып, осы құқықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиісті шаралар қабылдайды». Осылайша, тұрғын үй құқығы денсаулық пен әл – ауқатты сақтау үшін қажетті өмір сүру деңгейінде құқықтың ажырамас элементі болып табылады.

Бұл ретте ескере кететін жайт, тұрғын үй құқығы «... мемлекеттердің әрбір азаматты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қабылдауын көздемейді... адамның тұрғын үйге меншік құқығын сақтау, бұл тұрғын үйге қол сұғылмаушылық ретінде түсіндіріледі» (Озеров, 2019:19). Озеров пен оның әріптестерінің (2019) пікірінше, мемлекет тек кейбір санаттар үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерге ие. ҚР Конституциясының 25-бабында «Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету

үшін жағдайлар жасалуда. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына ол заңда белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан қолжетімді ақыға беріледі». Қазақстанның қолданыстағы тұрғын үй саясатына сәйкес осы санатқа көп балалы отбасылар, мүгедек адамдар, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар және басқалар («Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Қазақстан Республикасының Заңы) жатады. Тиісінше, ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударғандар қатарынан осы санаттарға жататын адамдар тұрғын үй бағдарламаларына тең қолжетімділікке ие болуға тиіс.

Қазақстанның тұрғын үй бағдарламаларының бірі «Бақытты отбасы» бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарлама ең төменгі сыйақы мөлшерлемесін (2%) қарастырады және осал санаттарға арналған: көп балалы отбасылар, мүгедектер мен жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Осы бағдарламаның талаптарының бірі 1) соңғы 6 (алты) айда еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстың болуы, 2) жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үйге мұқтаж тұлға ретінде есепке қою болып табылады. «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша кең санаттағы тұрғын үй сатып алу үшін де осындай талаптар мен кедергілер бар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы..., 2020; Мелекеттік бағдарлама «Нұрлы жер»..., 2020). Ауылдан қалаға жаңа көшіп келген отбасылар үшін бұл бағдарламаға қатысудың белгілі қиындықтары бар. Біріншіден, бағдарлама бойынша жүгіну үшін негізгі кедергі ресми жұмысқа орналасудың және ай сайынғы зейнетақы жарналарының болмауы болып табылады. Мигранттардың көпшілігінде зейнетақы қорларында шоттары жоқ (Махмутова, 2012в:9). Мүгедектігі бар адамдар, төрт баладан көп баланы тәрбиелеп отырған аналар үшін жұмысқа орналасу одан да қиын мәселе болып табылады. Екіншіден, әкімдіктерде тұрғын үйге кезекке тұру үшін тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу қажет. Республикалық маңызы бар қалаларда, мегаполистерде есепке қою үшін ерекше талаптар бар екенін атап өту маңызды, яғни қалада кемінде үш жыл тұрақты тұру талап етіледі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы...,2012). Тұрғын үйге қол жеткізу үшін бұл талаптарды орындауға ауылдан қоныс аударған мигранттардың барлығының мүмкіндіктері болмайды. Еліміздегі ішкі мигранттардың тұрғын үйге қолжетімділіктерін күшейту шаралары

жүзеге асырылуда. Елімізде әлеуметтік саясат шеңберінде халық сирек қоныстанған өңірлерге тұрғындарды көшіру мақсатында жұмыстар атқарылуда. Халықты оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударту саясатының нәтижесі бойынша жылдан жылға қоныс аударушылар саны біршама артқан. Дегенмен де, көшіп барған халықтың біраз көлемінің өз туған жерлеріне қайтуына басты себептердің бірі – тұрғын үй сапасының төмен деңгейі. Бұл мәселе көшіп барған халықты тұрғын үймен қамтудың нәтижелі жүзеге аспауын көрсетеді. Ішкі көші – қонды арттыруға бағытталған бағдарламалардың кемшін тұстары да жеткілікті.

Еліміздегі ішкі мигранттарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу жүйесі заңнамалық тұрғыда енгізілген. Бұл бастама ішкі көшіп қонушыларға талапқа сәйкес тұрғылықты жері бойынша тіркеуге тұрмаған жағдайда айыппұл салып, бақылауды күшейту негізінде ішкі тұрақтылықты сақтауға бақытталған. Ішкі көшіп – қонушыларды тұрғылықты жері бойынша тіркеу, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алу тұрғын үйдің меншік иесінің (жалға беруші) жазбаша немесе электрондық – цифрлық қолтаңбасы арқылы жүзеге асырылу қағидаттары «Халықтың көші – қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі заңына сәйкес бекітілді. Қалаларға тұру үшін көшіп келген отбасылардың тұрғылықты жері бойынша уақытша мерзімге, тіпті тұрақты тіркелуге мүмкіндіктері бола бермейді (Махмутова, 2012г:25). Өз баспанасы жоқ ауылдан қалаға көшіп келген мигранттар пәтер, жер үй, жатақхана бөлмелерін және т.б. жалға алады. Көбінесе меншік иесі уақытша тіркеуді де ұсынбайды. Негізінде, екі себеп те өзара байланысты және «тұйық шеңбер» болып табылады. Осылайша, тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз отбасылар тұрғын үйге кезекке есепке тұра алмайды, сондықтан аталған тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды.

Мемлекеттен өздеріне қатысты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер алатын осал санаттарға жататын ауыл – қала көшіп – қонушылары мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу құқығын пайдалана алмайды. Тұрғылықты жері бойынша тіркеудің жоқтығынан ауылдан қалаға қоныс аударып келген мигранттар көптеген қиындықтарға тап болуда. Қоныс аудару бағдарламаларының көмегінсіз өз бетінше көшетін мигранттардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыруды жетілдіру қажет.

Еңбек және тең жалақы құқығы халықаралық актілер мен декларациялар негізінде бекітілген. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес (1948, 23 – бап), әр адам еңбекке, еркін жұмыс түрін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайларына және жұмыссыздықтан қорғалуға құқылы, сондай ақ әр адам кемсітусіз бір жұмыс үшін бірдей жалақы алуға құқылы. Сонымен қатар, әрбір жұмыс істейтін адам өзіне және оның отбасына лайықты өмір сыйлайтын және қажет болған жағдайда басқа әлеуметтік қамсыздандыру құралдарымен толықтырылатын әділ және қанағаттанарлық сыйақы алуға құқылы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің қағидаттарына сәйкес (1966, 6 – бап) осы пактіге қатысушы мемлекеттер адамның негізгі саяси және экономикалық бостандықтарына кепілдік беретін жағдайларда кәсіптік -техникалық оқыту мен даярлау және толық нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламаларын қоса алғанда, осы құқықты толық іске асыру мақсатында шаралар қабылдауға тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (24 – бап) әркімнің еңбек бостандығына, қызмет түрін және кәсіпті еркін таңдауға құқығы бар және әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларына, қандай да бір кемсітусіз еңбегі үшін сыйақыға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекет аз қамтылған азаматтар қатарындағы жұмыссыздарға жұмысқа орналастуға жәрдемдесу, кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді жүзеге асыру нысанында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Осы қолдау шараларына қатысу шарты бойынша азамат жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелуі тиіс. Өз кезегінде бұл үшін өтініш беруші қалалық жұмыспен қамту орталығына «жұмыссыз» ретінде тіркелу және ресми бос жұмыс орындарына жолдама алу үшін қаладағы мекен – жайы бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелуі қажет (Министр бұйрығы...,2018; ереже...,2018). Жоғарыда атап өткендей, ауылдық жерден қалаға қоныс аударған отбасылар уақытша тіркеуді рәсімдеуде де қиындықтарға тап болады. Уақытша тіркеуге тұру қала жағдайында ақылы негізде жүзеге асатындықтан көшіп келуші отбасы үшін қаржылық ауыртпашылықты

туындатады. Ішкі көші – қонды жандандыруға бағытталған 2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» бойынша жұмыстар атқарыла бастады. Бағдарлама мақсаты бойынша халықтың орналасу тығыздығы мен туу көрсеткіші жоғары оңтүстік өңірден халқы сирек солтүстік өңірлерге еңбекке қабілетті азаматтарды көшіру жұмыстары жүзеге асырылды. Қазақстанның солтүстік аудандарында тапшы бос жұмыс орындарына көпшілігінде механизатор, ауыр жүк көлігінің жүргізушісі, электрик, құрылысшы, аспаз және дәрігер санаттары болып табылады. Оңтүстік өңірден қоныс аударған мигранттардың көпшілігінде білімі жоқ немесе арнайы орта білімі бар. Осы себептен оңтүстік өңірден көшіп барған мигранттар еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмейді.

2017 – 2022 жылдар аралығында халықты қоныстандырудың өңірлік диспропорциясы ішіндегі мәселелерді шешу үшін жүзеге асырылған бағдарламалар нәтижесінде Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына 32 мың адам қоныс аударған және бұл халық үлесінің тең жартысынан көбін еңбекке қабілетті азаматтар құраған (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы..., 2022). Еліміздің барлық аумақтарында халықты жұмыспен қамтудың бірнеше бағдарламалары жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Қазақстанда «Жастар тәжірибесі», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Арнайы жұмыс орындары», «Ұрпақтар келісімшарты», «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыс орны» атты жұмыспен қамтуды арттыруға бағытталған бірнеше бағдарламалар бар. Алайда, осы бағдарламалар мен жобалар бойынша ұсынылатын жалақының мөлшері төмен. Салыстырмалы түрде осындай төмен жалақымен қалалық жағдайда отбасы шығындарын жабу мүмкін емес. Бұл бағдарламалар бойынша уақытша жұмыс орындарына қабылданған тұлғаларды бағдарлама мерзімі біткеннен кейін тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету іс – шараларының жүзеге асырылу тиімділігін бақылау мүмкін болмай отыр. Өйткені, жұмыспен қамту орталықтары жыл соңындағы есеп бойынша уақытша жұмыс орындарына орналасқандардың санын берумен шектеледі.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарында «Бизнес бастау» кәсіпкерлікті дамыту жобасы іске асырылуда. Конкурсқа «Бизнес бастау» жобасы бойынша оқуға қабылданып, грантқа өтінім берген азаматтар қатыса алады. «Бизнес бастау» жобасына халықтың келесідей санаттары қатыса

алады: 1) жұмыспен қамту санаттары: жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар; бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер (өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарынан); жеке кәсіпкерлер (шаруашылықты тіркеу мерзімі бір жылдан кем); жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын адамдар және 2) әлеуметтік санаттар: жұмыссыз жастар (35 жасқа дейін); аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы әлеуметтік көмек алушылар; көп балалы отбасылар – көп балалы отбасы категориясы бойынша жәрдемақы алушылар; қандастар, қоныс аударушылар; мүгедек адамдар; мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар. «Бизнес Бастау» жобасына қатысу үшін азаматтар жұмыспен қамту орталығында тіркелуі қажет. Әлеуметтік санатқа жатпайтын азаматтар жұмыссыздық кезеңінде қала жағдайында тұрғылықты жері бойынша уақытша немесе тұрақты тіркелуге тиіс. Қала аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болмауына байланысты бұл бағдарлама көптеген ауылдан қалаға қоныс аударып келген мигранттар үшін қолжетімсіз болып қалады.

Ауылдан қалаға қоныс аударып келген азаматтардың нәтижелі жұмыспен қамтылмауына – еңбек нарығының дайындықсыздығы, жоғарғы бәсекелестік, өндірістік тәжірибе мен кәсіби дайындықтың болмауы, білім деңгейінің жетіспеушілігі себеп болады. Қала жағдайында тіркеусіз жүрген азаматтарды бақылауға жергілікті мемлекеттік органдардың мүмкіндіктері келмейді. Бұл үрдіс қала ішілік басқарылмайтын көші – қон қозғалысының теріс нәтижелеріне алып келеді. Қоныс аударып келген жұмыссыз азаматтар қала ішінде маргиналды топтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес (1948), әр адам денсаулық сақтау және медициналық қызметтерді тұтынуға құқылы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қатысушы мемлекеттер (1966, 12 – бап) әрбір адамның физикалық және психикалық денсаулығының барынша қол жеткізуге болатын деңгейіне құқығын таниды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (77 – бап) сәйкес азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге; дәрігер мен

медициналық ұйымды еркін тандауға құқығы бар.

Медициналық қызметтер ауыл – қала мигранттары үшін қол жетімді болды. 2021 жылы емханаға тіркелу жүйесі өзгерді (Министр бұйрығы..., 2020). М. Тукмадиева денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін арттырудағы маңызды қадам болып табылатынын атап өтті «... тіркеу мекен – жайына алғашқы медициналық – санитарлық көмекті (емхана, дәрігерлік амбулатория) байлауды жою» (Тукмадиева, 2015а:10). Басқаша айтқанда, қала тұрғындары өздерінің тұрақты немесе уақытша мекен – жайы бойынша тіркелуіне қарамастан кез-келген медициналық мекемеге тіркеле алады.

Міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша төлемдерді жүзеге асыратын азаматтар ел аумағындағы кез келген емханалар мен ауруханаларға тіркеліп, дәрігерлерді еркін таңдай алады. МӘМС жүйесі бойынша қызметтерді алу үшін азаматтың мәртебесін анықтау қажет. Ауылдан қалаға көшіп келген отбасылар жұмыссыз болса, МӘМС жүйесі бойынша тегін қызметтер алуға мүмкіндігі бар. МӘМС жүйесі бойынша мемлекет есебінен сақтандырылған жеңілдікті санаттардың құрамына кіру үшін жұмыссыз азаматтар қалалық жұмыспен қамту орталығына «жұмыссыз» ретінде тіркелуі қажет. Ресми тіркелген жұмыссыз азаматтарға МӘМС жүйесі бойынша көмек алуға қаржыландыруды мемлекет белгілі бір мерзімге дейін жүзеге асырады. Жұмыспен қамту орталығына «жұмыссыз» ретінде есепке бұл отбасылар тұрғылықты мекен – жайы бойынша тіркеудің болмауына байланысты тұра алмайды. Осы кедергілердің әсерінен мигранттар МӘМС жүйесі бойынша тегін қызметтерге қол жеткізе алмайды. Сонымен қатар, бұл азаматтардың өз есебінен медициналық қызметтерге қол жеткізу үшін ай сайын бірыңғай жиынтық төлем төлеуге мүмкіндіктері жоқ.

Білім беру бірқатар негіздер бойынша халықаралық құқықтың құндылығы болып табылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес (1948), адамның негізгі құқықтарының бірі – білім алу құқығы. Халықаралық құқықтың баяндамасына сәйкес (26 – бап) мемлекеттің басты міндеттерінің бірі азаматтардың білім алуын қамтамасыз ету болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары саласындағы білім және дайындық туралы декларациясында білім беру құқығын іске асыру бойынша құжаттар жиынтығы ұсынылған. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар

туралы халықаралық пактіге қатысушы мемлекеттер (1966, 13 – бап) әрбір адамның білім алу құқығын таниды және осы құқықтың толық іске асырылуын мойындайды: бастауыш білім беру барлығы үшін міндетті және ақысыз; орта білім ашық және барлығына ақысыз түрде қол жетімді болуы керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 19 және 30 – баптары Қазақстанның барлық азаматтарына өз тілінде білім алу құқығына, мемлекеттік мектептерде тегін және міндетті орта білім алу құқығына және конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығына кепілдік береді («Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды). Қазақстан Республикасының Білім туралы заңына (2007, 3 – бап) сәйкес сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі айқындалады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда балаларды тұрғылықты жері бойынша мектептерге ресімдеу жүйесі бар, бұл үшін уақытша немесе тұрақты тіркеу қажет емес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы..., 2018). Алайда, ауылдан қалаға көшіп келген отбасылар экономикалық және қаржылық қиындықтарға байланысты өз үйлерінің болмауына байланысты қала аумағында жиі қоныс ауыстыруға мәжбүр. Бұл үрдіс отбасылардағы балалардың мектеп қабырғасын жиі ауыстыруына ықпал етеді. Мектеп қабырғасын жиі ауыстыру баланың білімді игеруіне кері ықпал етеді. Өйткені, әрбір ауысқан мектеп қабырғасына бала бейімдеушіліктен өте отырып, білім алады. Ауылдан қалаға қоныс аударып келген мигранттардың жеке меншік тұрғын үйлерінің жоқтығы балалардың білім алу үрдісіне де кері ықпалын тигізуде.

Әлеуметтік саясатты талдаудың адам құқықтарын қорғау тәсілінің ерекшелігі – мәселені контексттеу. Қоғамның осы әлеуметтік мәселеге қалай қарайтынын және бұл көзқарастың уақыт өте келе қалай өзгергенін, бұл мәселенің салдары қандай екенін қарастыру маңызды. S.G. Gabel басшылығының негізінде келесі сұрақтар тұжырымдалды: *а) Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың өмір сүру сапасының төмендігі мен әлеуметтік интеграциясының негізінде не жатыр? Тарихи тұрғыдан қазақстандық қоғам бұл әлеуметтік мәселеге қалай ден қойды? Қолданыстағы саясат кімге теріс әсер етеді? Қолданыстағы саясат халықтың маргиналдануына қалай әкеледі?*

Ауыл – қала мигранттарының әлеуметтік интеграциясы – бұл мигранттар қоғамның бір

бөлігіне айналатын және әлеуметтік қатынастар орнататын ұзақ процесс және табысты интеграцияның маңызды факторы ауыл – қала мигранттары мен жергілікті қала тұрғындары арасындағы өзара әрекеттесу болып табылады (Sun, 2022:1-2), сондықтан қала тұрғындарының көші – қон процесінің өзіне және мигранттарға қатынасы маңызды. Әлеуметтанулық зерттеулер Қазақстанның қала халқының басым бөлігі ішкі көші – қонды реттелмейтін және қылмыспен өзара байланысты екі мәселе ретінде көретінін көрсетеді, бұл жергілікті қоғамдастықтың ішкі көшіп – қонушыларға қатынасын көрсетеді (Жусупова, 2012в). Ауыл тұрғындары көші – қонының инфрақұрылымға, мәдениетке, қала келбетіне теріс әсері ғылыми әдебиеттерде де және бұқаралық ақпарат құралдарында да атап өтіледі (Ешпанова, 2014а:129). Сонымен ауыл тұрғындарының әлеуметтік интеграциямен мәселелері бар, ал урбанизацияның өзі «...көптеген мәселелерді тудырады, соның ішінде жалпы мәдениеттің төмендеуі, қылмыстың өсуі, мигранттардың тұрақсыздығына байланысты әлеуметтік шиеленістің өршуі» (Ешпанова, 2014б:129). Атап өтілгендей, мигранттардың интеграциялануына кедергі келтіретін нәрсе – «олар тұрғылықты жерін ауылдан қалаға ауыстырады, бірақ сонымен қатар дәстүрлі ауылдық ойлау түрі мен мінез – құлықтарын сақтайды, бұрынғы ауыл тұрғындары қаланың әлеуметтік – мәдени дамуына ұмтылмайды және қалалық өмір стандарттарын қабылдамайды, мұндай мигранттармен көршілік әлі де сақталады, бұрынғы ауыл азаматтарының шағын қабаты әдетте ыңғайсыздық тудырады» (Сәрсембаева, 2020:3). Біздің ойымызша, бұл дискурс қала тұрғындарының ауылдық жерлерден келген мигранттарға деген теріс көзқарасын қалыптастыруы немесе нығайтуы мүмкін, бұл өз кезегінде олардың әлеуметтік интеграциясына кедергілердің бірі болып табылады. Тұлғааралық кемсітушілік, тіпті институционалдық кемсітушілік ауыл – қала мигранттарының әл – ауқатына әсер етеді (Chen, 2013). Тақырып шеңберінде зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын қорытындылай келе, ауылдан көшіп келген мигранттардың қала өміріне сіңісуі мен орнығуына мемлекеттік құрылымдардан бастап жергілікті қала тұрғындары тарапынан да қолдаудың қажет екендігін көре аламыз.

Ауылдық жерден қалаға қоныс аударған отбасылардың көпшілігінің әл – ауқат деңгейі кедейлік шегінен төмен. Бұл отбасыларды қалаларға көшуге мәжбүр ететін жұмыссыздық пен табыстың төмендігі. Кедейлік пен табыстағы тұ-

рақтылықтың болмауы отбасылық стресстің жоғарылауына ықпал етеді. Табыс көздерін іздеуде экономикалық қысымға тап болған отбасы мүшелері психологиялық стресстің, мазасыздықтың және жағымсыз сезімдердің жоғары деңгейін сезінеді. Бұл эмоционалды жағдай отбасы мүшелерінің бейімделу қабілетіне, олардың әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарына теріс әсер етеді (Вяльшина, 2020:127). Мигранттардың психологиялық күйзелісі денсаулық сақтау жүйесіне қол жеткізу мәселелерімен де байланысты, сондай ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қол жеткізу неғұрлым жоғары болса, тұрғындардың медициналық шығындар мен күтімге деген алаңдаушылығы төмендеп, осы арқылы психологиялық күйзелісі соғұрлым аз болады (Chen, 2021). Отбасының әл – ауқатының төмендігі отбасының ішкі гармониясына кері ықпал ете отырып, психологиялық, биологиялық, физикалық денсаулық көрсеткіштеріне кері ықпал етеді. Отбасындағы материалдық дағдарыстық жағдайдың ықпалы девиантты мінез – құлықтың пайда болуына ықпал етеді. Бұл мигрант отбасылардың маргиналдану ықтималдығын арттырады. Ауыл – қала мигранттарын маргиналдандыруда тұрғылықты жері бойынша тіркеу жүйелері маңызды рөл атқарады, өйткені ол әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру жүйелеріне қол жетімділікті төмендетеді. X. Sun, J. Chen және S. Xie мәліметтері бойынша, тұрғылықты жері бойынша тіркеу жүйесі, «...ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударушылар қалаға ену үшін институционалдық кедергіні бұзуы керек» (Sun, 2022:4). Елімізде ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларға тұрғылықты жері бойынша тіркеуге тұрудың қолжетімді шарттарын қарастыру маңызды. Бұл жүйе қоныс аударған отбасылардың әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігі мен тұрғын үй, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау және білім алу құқықтарын еш кедергісіз пайдалану мүмкіндігін арттырады.

Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасы мүшелерінің жеке басының бірегейлігі маңызды мәселе болып табылады. Өздерін қала тұрғындары ретінде анықтаған мигрант балалар өздерінің үлгерімі мен құрдастарымен қарым – қатынасын өздерін ауыл тұрғындары деп санайтын балаларға қарағанда оң қабылдағаны анықталды (Wang, 2019).

S.G.Gabel адам құқықтарының үш қағидасына назар аударады: қатысу, есеп беру, кемсітпеу және теңдік. Мигрант отбасыларға қатысты осы принциптердің орындалуын талдау үшін S.G.Gabel ұсынған сұрақтар қолданылды.

Құқық иелері әлеуметтік саясатты әзірлеу процесіне қалай қатысады? Әлеуметтік саясатты әзірлеу барысында құқық иелерінің дауыстары қалай ескеріледі? Жоғарыда айтылғандай, құқықтарды қорғауға негізделген әлеуметтік саясат құқық иелерін шаралар мен шешімдер қабылдауға тартуды көздейді. Бұл олардың құқықтарын кеңейтуге, сондай-ақ олардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді (Gabel, 2016). Қазіргі уақытта Қазақстанда көшіп – қонушы отбасылардың әлеуметтік саясатты әзірлеуге қатысуының мұндай тәжірибесі жоқ. Сондай-ақ, әлеуметтік әл-ауқатты арттыру шаралары ғылыми зерттеулерден алынған білім негізінде анықталады деген дәлелді әлеуметтік саясаттың шетелде кеңінен қолданылатын тәжірибесінде енгізілмеген (Brownson, 2016). Бұл зерттеулер қатаң ғылыми әдіснаманы ұстануға тиіс және 1) әлеуметтік саясат шаралары бағытталған адамдар мен топтардың қажеттіліктерін бағалауға, сондай-ақ 2) қазірдің өзінде енгізіліп жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға бағытталуы мүмкін. Дәлелді саясат әлеуметтік саясатты жасаушылардың (міндет тасымалдаушылары) оның бенифициары (құқық иелері) болып табылатындардың дауыстарын ести алатындығынан тиімді механизм бола алады.

Мемлекет әлеуметтік мәселені шешу үшін заңнама, саясат және бағдарламалар қабылдады ма? Соңғы уақытта Қазақстанда әлеуметтік әл – ауқатты арттыру шараларын жетілдіру бойынша маңызды қадамдар жасалғанына қарамастан, ауылдан қалаға қоныс аударатын отбасылар әлеуметтік саясаттың назарында емес. Аталған отбасылар, олардың мүшелері түрлі әлеуметтік бағдарламаларға қатыса алады, мысалы, тұрғын үй саясаты, жұмыспен қамту саясаты, бірақ Қазақстанда осы санатқа арналған арнайы әлеуметтік бағдарламалар жоқ, қолдаудың мақсатты жұмысы жоқ (Асанбаев, 2010:64). Елімізде ауылдан қалаға қоныс аударған отбасыларды қолдаудың нақты заңнамалық бағдарламалары мен стратегиялық шараларын қабылдауды жүзеге асыру қажеттілігін көре аламыз.

Қандай жағдайда саясат кемсітушілік болып табылады? Әлеуметтік әділетсіз: әркім қандай да бір белгіге қарамастан қызметтерге қол жеткізе ала ма? Әлеуметтік әділеттілік әлеуметтік жұмыстың маңызды этикалық принциптерінің бірі болып табылады және ресурстарды тең және әділ бөлуді көздейді (IFSW, 2018). Әлеуметтік әділеттілік дегеніміз – қоғамның әрбір азаматы мен мүшесі қызметтер мен ресурстарға тең қол жеткізе алады. Көші – қон отбасылары-

ның тұрғын үй және жұмыссыздық жағдайында әлеуметтік қорғау бағдарламаларына қатысуы үшін бұрын анықталған кедергілер қоныстанған отбасылардың әлеуметтік бағдарламаларға, атап айтқанда тұрғын үй мен жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға қала тұрғындарымен бірдей қолжетімділігінің жоқтығын көрсетеді. Қалаларға қоныс аударған мигранттардың орналасқан жері бойынша тіркелгені немесе тіркелмегені маңызды емес. Бірінші кезекте бұл көшіп – қонушылар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады және халықтың бұл құрамы қалалық қоғамның ауқымды халқын құрап отыр.

Ауыл – қала мигранттарының теңдігі мен кемсітпеу мәселесін Қытай зерттеушілері белсенді түрде көтеруде (Gao, 2002). Бұл үлкен назар екі факторға байланысты: біріншіден, Қытай белсенді урбанизация сатысында, екіншіден, бұл мемлекетте үй шаруашылығын тіркеу жүйесі (*hukou*) бар. *Hukou* – бұл оның иесі кез – келген жердің заңды тұрғыны екендігі туралы ресми құжат. Бұл жүйе Қытай тұрғындарын қалалық және ауылдық деп бөледі және қала тұрғындарының ауылдық тіркелген адамдарға қарағанда әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мемлекеттік тұрғын үй және балаларға білім беру құқығын жақсырақ пайдалануына әкеледі (Chindarkar, 2022). Сондай – ақ, ауылдық хукоуды қалалық хукоуға ауыстырудың қиындықтары бар (Sun, 2022:4). Бұл жүйе ауылдық жерлерде тұратын немесе қалаларға кететін адамдарды кемсіту тұрғысынан белсенді сынға ұшырайды (Chen, 2013; Sun, 2022; Shi, 2012; Wen, 2016). Ішкі миграциялық көрсеткіші аса жоғары Қытай мемлекеті үшін бұл тіркеу жүйесінің қолайлы тұстары басым. Дегенмен де, зерттеулер нәтижелері ауыл және қала тұрғындарының әлеуметтік қызметтерді пайдалануда құқықтарының теңдігін қамтасыз етуді қайта қарастыруды талап етеді.

Қазақстандағы тіркеу институты Кеңес Одағы кезеңінен бері жұмыс істейді және «... қоғамдық және мемлекеттік құрылымның құрылымына терең енгені соншалық, елеулі кемшіліктерге қарамастан, оның қажеттілігі мен пайдалылығына күмән келтіретіндер аз, дегенмен ол адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарын іске асырумен терең байланысты» (Тукмадиева, 2015б:5). Әлеуметтік бағдарламалар тетіктері мен Қазақстан Республикасының заңнамасына жүргізілген талдау тұрғылықты жері бойынша тіркеу жүйесі ауылдан қалаға қоныс аударған адамдардың кейбір әлеуметтік бағдарламаларды толық көлемде пайдалана

алмауына әкелетінін көрсетті. Кеңес Одағы кезінде жоспарланған экономика шеңберінде құрылған тіркеу жүйесі қазіргі уақытта өз функцияларын орындамайды және «мемлекет үшін де, азамат үшін де негізсіз және ауыр» және өзгерістерді талап етеді (Тукмадиева, 2015в:3). Халық туралы статистикалық деректерді алу, құқық тәртібін қамтамасыз ету және қылмысты бақылау, жоспарлау және бюджеттеу, тіркеу сияқты міндеттермен қатар көші – қон процестерін реттеу функциясына ие (Тукмадиева, 2015г:16). Dufhues және әріптестері (2021) тіркеуді мемлекеттің заңдар мен ережелер арқылы әлеуетті мигранттардың ұтқырлығын шектеу тәсілі ретінде анықтайды.

Қолданыстағы тіркеу механизмі қалаға келетін ауыл тұрғындарының тіркелетін жері болмаған жағдайда екі нұсқасы бар екендігін көрсетеді; біріншісі – тіркеусіз тұру, бұл оның өмір сүру сапасын жақсарту құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеуге әкеледі, екіншісі – көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлықты қолдай отырып, мекен – жайы бойынша анықтама немесе тіркеуді «сатып алу». Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 493-бабында тұрғын үй иелерінің іс жүзінде тұрмайтын адамдарды тіркегені немесе тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбағаны үшін жауапкершілігі көзделген. Тукмадиева қажет екенін атап өтті «... әрбір азаматқа тұрғылықты жері бойынша тіркелуге мүмкіндік беретін жеткілікті икемді шешімдерді іздеу. Халықтың барлық топтарын тіркеуге әкімшілік кедергілерді барынша қысқартуы қажет» (Тукмадиева, 2015д: 3). Келесі маңызды мәселе, әлеуметтік саясат ауылдан қалаға қоныс аударатын отбасылардың қажеттіліктерін түсінуге негізделуі керек (Wen, 2015). Дәлелді саясат, атап айтқанда, қатаң зерттеу әдістерін қолдану арқылы көзделген азаматтардың әл – ауқатын арттыруда не тиімді екендігі туралы сенімді білімді пайдалану тиімді әлеуметтік саясатты құруға негіз бола алады (Baron, 2018). Елімізде ішкі мигранттарға әмбебап көмек көрсетудің тиімді жүйесін қолға алуды жүзеге асыру қажет. Ауылдан қалаға қоныс аударған отбасылардың табысты бейімделуі мемлекет пен халық арасындағы өзара келіспеушіліктердің туындамауының алдын алады.

Қорытынды және тұжырымдама

Әлеуметтік саясат, ұйымдастырушылық, ақпараттық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген мемлекет шараларының жиынтығы

ретінде, халықтың белгілі бір тобының әл – ауқатына айтарлықтай үлес қоса алады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстанда ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударған отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын сақтау мен арттырудың жекелеген шаралары әзірленбегенін көрсетті. Тұрғын үй, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы әлеуметтік саясатты талдау көптеген әлеуметтік бағдарламалардың мигрант отбасыларға қол жетімді еместігін айқындады. Бұл тауарлар мен қызметтерге тең қол жеткізуді көздейтін әлеуметтік әділеттілік мәселелерін көрсетеді. Ауылдық жерден қалаға қоныс аударып келген отбасылардың әлеуметтік бейімделу, интеграция мәселелерінде көмек пен қолдаудың заңнамалық жүйеде көрсетілуі үшін

тиімді мемлекеттік стратегиялық іс – шараларды жүзеге асырудың қажеттілігі айқындалды.

Тұрғылықты жері бойынша тіркеу жүйесімен байланысты отбасыларды бейімдеуде институционалдық кедергілер бар, өйткені бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер мен әлеуметтік бағдарламалар жеке тұлғаны тіркеуге байланысты жүзеге асырылады. Әлеуметтік бағдарлама және қызметтерге тең қол жетімділіктің болмауы қоныс аударып келген тұрғындардың жаңа ортаға бейімделуде қиындықтардың туындауына ықпал етеді. Мемлекеттік деңгейде ішкі миграциялық үрдістерді реттеуді заңнамалық тұрғыда қайта бекітіп, тиімді стратегиялық қолдау шараларды аумақтық және мерзімдік формада жедел жүзеге асырудың маңыздылығы айқындалды.

Әдебиеттер

- Асанбаев М.Б. Анализ внутренних миграционных процессов в Казахстане. – Алматы, 2010. – 234 с.
- Assanbayev M.B., Kilybayev T. Moving to a big city: internal migration patterns in Kazakhstan // *Bulletin of national academy of sciences of the republic of Kazakhstan*. – 2021. -№391(3). – P. 235 – 242.
- Бектлеева Д. Оценка факторов внутренней миграции в регионах Казахстана // *Journal of Economy and Finance*. – 2020. – № 3/4. – С. 47–62.
- Бордоусов О.В., Иштове Ж.Ш. Моделирование межрегиональной миграции на основе расширенной версии модели Харриса-Тодаро // *Вестник КазНУ. Серия экономическая*. – 2015. – №3(109). – С. 62–67.
- Baron J. A. Brief History of Evidence-Based Policy // *The Annals of the American Academy of Political and Social Science*. – 2018. – № 678(1). – P. 40–50.
- Brownson RC., Chiqui JF., Stamatakis KA. Understanding evidence-based public health policy // *American Journal of Public Health*. – 2009. – № 99(9). – P. 1576-1583.
- Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml
- Вяльшина А.А. Сельские малоимущие семьи и их возможности для развития детей // *Проблемы развития территории*. – 2020. – № 4 (108). – С. 127.
- Сарсембаева Г.А. Урбанизация, как основной миграционный тренд современного Казахстана // *Вестник «Исторические и социально-политические науки»*. – 2021. – №64(1). – С. 64-69.
- Chen J. Perceived discrimination and subjective well-being among rural-to-urban migrants in China // *Journal of Sociology and Social Welfare*. – 2013. -№ 40(1). -P. 131-157.
- Chen J., Gong L., Xie S. Psychological Distress in Urbanizing China: How Does Local Government Effectiveness Matter? // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2021. -№18. – P. 20-42.
- Chindarkar N., Nakajima M, Wu A. Inequality of Opportunity in Health Among Urban, Rural, and Migrant Children: Evidence from China // *Journal of Social Policy*. – 2022. – P. 1-20.
- Демографический ежегодник Казахстана. Электронный ресурс. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (Дата обращения 27.02.2023).
- Ешпанова Д.Д., Биекенова Н.Ж. Молодежная миграция в казахстане: проблемы и тенденции // *News of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. – 2014. – № 298 (6). – С. 129.
- Gabel S.G. A Rights-Based Approach to Social Policy Analysis. – New York: Springer, 2016. – 107 p.
- Gao H., Wang S. The Intellectual Structure of Research on Rural-to-Urban Migrants: A Bibliometric Analysis // *Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2022. – № 19. – P. 1-19.
- Государственная программа жилищно-коммунального развития «Нұрлы жер» на 2020-2025 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 декабря 2020 года № 849.
- Жилищные отношения. Закон Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года №94.
- Жусупова А.С., Кенесов А.А. Внутренние мигранты и современный Казахстан // *Вестник КазНУ. Серия: Философия. Культурология. Политология*. – 2012. – № 3.
- Конституция Республики Казахстан. Принят на республиканском референдуме 30 августа 1995 года.
- Махмутова М. Внутренняя миграция молодежи в Казахстане: на примере г. Алматы. – Алматы, 2012. – 80 с.
- Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах. Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml

Международная федерация социальных работников (IFSW) (2018). Глобальное заявление об этических принципах социальной работы. Дублин, Ирландия. <https://www.ifsw.org/global-social-work-statement-of-ethical-principles/#:~:text=Social%20workers%20embrace%20and%20promote,rights%20that%20follow%20from%20this.>

Озеров Н.И., Максименко А.В., Колева Т. Право на жилище как одно из основных прав человека // *Юристъ-Правоведъ*. – 2019. – № 4 (91). – С. 19.

Об утверждении Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2022 года №961.

O'Connor, M. Katherine. *Analyzing Social Policy. Multiple Perspectives for Critically Understanding and Evaluating Policy*. – New Jersey: John Wiley and Sons, 2011. – 332 p.

Правила постановки на учет граждан Республики Казахстан, нуждающихся в жилище из государственного жилищного фонда или жилище, арендованном местным исполнительным органом в частном жилищном фонде/ Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 июня 2012 года № 856.

Правила прикрепления физических лиц к организациям здравоохранения, оказывающим первичную медико-санитарную помощь /Утверждены приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 13 ноября 2020 года № КР ДСМ-194/2020.

Правила регистрации лиц, ищущих работу, безработных и осуществления трудового посредничества, оказываемого центрами занятости населения / Утверждены приказом министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 19 июня 2018 года № 259.

Sun X., Chen J., Xie S. Becoming Urban Citizens: A Three-Phase Perspective on the Social Integration of Rural–Urban Migrants in China // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2022. – № 19. –P.1-19.

Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2018 года № 895.

Тукмадиева М. Пути реформирования системы регистрации населения по месту проживания в Республике Казахстан. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2015. – 45 с.

Wang Y., Pei F., Zhai F., Gao Q. Academic performance and peer relations among rural-to-urban migrant children in Beijing: Do social identity and self-efficacy matter? // *Asian Social Work and Policy Review*. – 2019. –№ 4. –P. 1-11.

Wen Y., Hanley J. Enhancing Social Support for Migrant Families: A Case Study of Community Services in a Shanghai Urban Village and Implications for Intervention // *Asian Social Work and Policy Review*. – 2016. – №10. –P. 76-89.

Wen Y., Hanley J. Rural-to-Urban Migration, Family Resilience, and Policy Framework for Social Support in China // *Asian Social Work and Policy Review*. – 2014. –№ 9. –P.15-28.

References

Asanbaev M.B. (2010) Analiz vnutrennix migracionnyx processov v Kazahstane [Analysis of internal migration processes in Kazakhstan]. *Almaty*, 234 p. (In Russian)

Assanbayev M.B., Kilybayev T. (2021) Moving to a big city: internal migration patterns in Kazakhstan. *Bulletin of national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*, vol. 3, no 391, pp. 235 – 242.

Baron J. A. (2018) Brief History of Evidence-Based Policy. *The Annals of the American Academy of Political and Social Science*, no 678(1), pp. 40–50.

Bektleeva D. (2020) Ocenka faktorov vnutrennej migracii v regionah Kazahstana [Assessment of factors of internal migration in the regions of Kazakhstan]. *Journal of Economy and Finance*, no 3–4, pp. 47–62. (In Russian)

Bordousov O.V., Ishtove Zh.Sh. (2015) Modelirovanie mezhhregional'noj migracii na osnove rasshirennoj versii modeli Harris-Todaro [Modeling of interregional migration based on an extended version of the Harris-Todaro model]. *The Journal of Economic*, no 3(109), pp. 62–67. (In Russian)

Brownson RC., Chiqui JF., Stamatakis KA. (2009) Understanding evidence-based public health policy. *American Journal of Public Health*, no 99(9), pp. 1576-1583.

Chen J. (2013) Perceived discrimination and subjective well-being among rural-to-urban migrants in China. *Journal of Sociology & Social Welfare*, no 40(1), pp. 131-157.

Chen J., Gong L., Xie S. (2021) Psychological Distress in Urbanizing China: How Does Local Government Effectiveness Matter? *International Journal of Environmental Research and Public Health*, no 18, pp. 20-42.

Chindarkar N., Nakajima M., Wu A. (2022) Inequality of Opportunity in Health Among Urban, Rural, and Migrant Children: Evidence from China. *Journal of Social Policy*, pp. 1-20.

Demographic Yearbook of Kazakhstan [Elektronnyi resurs] URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (Data obrasheniya 27.02.2023)

Eshpanova D.D., Biekenova N.Zh. (2014) Molodezhnaya migraciya v Kazahstane: problemy i tendencii [Youth migration in Kazakhstan: problems and trends]. *News of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan*, no 298 (6), pp. 129. (In Russian)

Gabel S.G. (2016) *A Rights-Based Approach to Social Policy Analysis*. New York: Springer, 107 pp.

Gao H., Wang S. (2022) The Intellectual Structure of Research on Rural-to-Urban Migrants: A Bibliometric Analysis. *Journal of Environmental Research and Public Health*, no 19, pp. 1-19.

(2020) Gosudarstvennaya programma zhilishhno-kommunal'nogo razvitiya "Nurly zher" na 2020-2025 gody [The State program of housing and communal development "Nurly Zher" for 2020-2025]. Approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 15, 2020, no 849. (In Russian)

(1995) Konstituciya Respubliki Kazahstan [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Adopted at the republican referendum on August 30, 1995.

Makhmutova M. (2012) Vnutrennyaya migraciya molodezhi v Kazahstane: na primere g. Almaty [Internal migration of youth in Kazakhstan: on the example of Almaty]. Almaty, 80 p. (In Russian)

(2018) Mezhdunarodnaya federaciya social'nyh rabotnikov (IFSW). Global'noe zayavlenie ob eticheskikh principah social'noy raboty [Global Social Work Statement of Ethical Principles]. Dublin, Ireland. <https://www.ifsw.org/global-social-work-statement-of-ethical-principles/#:~:text=Social%20workers%20embrace%20and%20promote,rights%20that%20follow%20from%20this>.

(1966) Mezhdunarodny pakt ob ekonomicheskikh, social'nyh i kul'turnyh pravah [International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights]. Adopted by General Assembly resolution 2200 A (XXI) of December 16, 1966. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml

Ozerov N.I., Maksimenko A.V., Kolevova T. (2019) Pravo na zhilishhe kak odno iz osnovnyh prav cheloveka [The right to housing as one of the basic human rights]. *Lawyer-Jurist*, no 4 (91), pp. 19. (In Russian)

(2022) Ob utverzhenii Konceptii migracionnoi politiki Respubliki Kazahstan na 2023 – 2027 gody [On the approval of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027.]. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2022, no 961. (In Russian)

O'Connor, M. Katherine. (2011) Analyzing Social Policy. Multiple Perspectives for Critically Understanding and Evaluating Policy. New Jersey: John Wiley and Sons, 332 pp.

(2012) Pravila postanovki na uchet grazhdan Respubliki Kazahstan, nuzhdayushhihsya v zhilishhe iz gosudarstvennogo zhilishhnogo fonda ili zhilishhe, arendovannom mestnym ispolnitel'nyim organom v chastnom zhilishhnom fonde [Rules for registration of citizens of the Republic of Kazakhstan in need of housing from the state housing fund or housing rented by a local executive body in a private housing fund]. Approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 26, 2012, no 856. (In Russian)

(2020) Pravila prikrepleniya fizicheskikh lic k organizaciyam zdavoohraneniya, okazyvayushhim pervichnyu mediko-sanitarnuyu pomoshh' [Rules for attaching individuals to healthcare organizations providing primary health care]. Approved by the Order of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated November 13, 2020, no KR DSM-194/2020. (In Russian)

(2018) Pravila registracii lic, ishushhih rabotu, bezrabotnyh i osushhestvleniya trudovogo posrednichestva, okazyvaemogo centrami zanyatosti naseleniya [Rules for the registration of job seekers, the unemployed and the implementation of labor mediation provided by employment centers]. Approved by the Order of the Minister of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan dated June 19, 2018, no 259. (In Russian)

Sarsembaeva G.A. (2021) Urbanizaciya, kak osnovnoj migracionnyj trend sovremennogo Kazahstana [Urbanization as the main migration trend of modern Kazakhstan]. *Bulletin «Historical and socio-political sciences»*, no 64(1), pp. 64-69. (In Russian)

Sun X., Chen J., Xie S. (2022) Becoming Urban Citizens: A Three-Phase Perspective on the Social Integration of Rural–Urban Migrants in China. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, no 19, pp.1-19.

(2018) Tipovye pravila priema na obuchenie v organizacii obrazovaniya, realizuyushhie obshheobrazovatel'nye uchebnye programy nachal'nogo, osnovnogo srednego i obshhego srednego obrazovaniya [Standard rules for admission to training in educational organizations that implement general educational programs of primary, basic secondary and general secondary education]. Approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2018, no 895. (In Russian)

Tukmadieva M. (2015) Puti reformirovaniya sistemy registracii naseleniya po mestu prozhivaniya v Respublike Kazahstan [Ways of reforming the system of registration of the population at the place of residence in the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Fond Soros-Kazahstan, 45 p. (In Russian)

Vjal'shina A.A. (2020) Sel'skie maloimushhie sem'i i ih vozmozhnosti dlya razvitiya detej [Rural poor families and their opportunities for the development of children]. *Problems of territory development*, no 4 (108), pp. 127. (In Russian)

(1948) Vseobshhaya deklaraciya prav cheloveka [Universal Declaration of Human Rights]. Adopted by UN General Assembly Resolution 217 A (III) of December 10, 1948. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

Wang Y., Pei F., Zhai F., Gao Q. (2019) Academic performance and peer relations among rural-to-urban migrant children in Beijing: Do social identity and self-efficacy matter? *Asian Social Work and Policy Review*, no 4, pp. 1-11.

Wen Y., Hanley J. (2016) Enhancing Social Support for Migrant Families: A Case Study of Community Services in a Shanghai Urban Village and Implications for Intervention. *Asian Social Work and Policy Review*, no 10, pp. 76-89.

Wen Y., Hanley J. (2014) Rural-to-Urban Migration, Family Resilience, and Policy Framework for Social Support in China. *Asian Social Work and Policy Review*, no 9, pp.15-28.

Zhusupova A.S., Kenesov A.A. (2012) Vnutrennie migranty i sovremennyj Kazahstan [Internal migrants and modern Kazakhstan]. *Bulletin of KazNU. Philosophy. Cultural Studies. Political Science*, no 3. (In Russian)

(1997) Zhilishhnye otnosheniya [Housing relations]. Law of the Republic of Kazakhstan, no 94, dated April 16, 1997.